

## **Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молайту мен пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 721 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 835 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12779 болып тіркелді.

**Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.11.2018 № 448 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.11.2018 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 14.06.2023 № 191 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молайту және пайдалану саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молайту және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектi бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектi бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молайту және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектi бар жеке немесе заңды

тұлғаларға қатысты қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 14.06.2023 № 191 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. "Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 431 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 474 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11792 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күннің ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін алған күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ М. Құсайынов

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі  
\_\_\_\_\_ В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 835 және  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 721 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молайту және пайдалану саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 14.06.2023 № 191 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2023 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молайту және пайдалану саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" қағидаларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 қыркүйекте № 17371 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы

14 желтоқсандағы № 126 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31148 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Тәуекелдерді бағалау және басқару өлшемшарттары "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарын әзірлеуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына, 141-бабына және 143-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес бекітілетін тексеру парақтарын әзірлеуіне арналған.

3. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) болмашы бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада белгіленген, халықтың өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіру алғышарттарын тудырмайтын, бірақ қызметін жүзеге асыру барысында объект операторлары орындауы міндетті болып табылатын талаптарды бұзу ;

3) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

4) елеулі бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада белгіленген, халықтың өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіру алғышарттарын тудыратын бұзушылықтар;

5) өрескел бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада белгіленген, орындалмауы халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін және залал келтіретін бұзушылықтар, сондай-ақ тыйым салатын заңнама нормаларын сақтамаумен байланысты бұзушылықтар (тыйым салынады, жол берілмейді, рұқсат етілмейді);

6) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

7) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді

кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

## **2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

4. Бақылау субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел..

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

## **1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

5. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) келесі тәуекел дәрежелеріне жатқызылады:

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне:

1) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабына сәйкес белгіленген, қоршаған ортаға елеулі және шамалы теріс әсер ететін әсер ету сипаты мен дәрежесі бойынша шаруашылық қызметтің 1, 2-санаттағы субъектілері (объектілері);

Тәуекелдің орташа дәрежесіне:

2) қоршаған ортаға елеусіз теріс әсер ететін, әсер ету сипаты мен дәрежесі бойынша Кодекстің 12-бабына сәйкес белгіленген шаруашылық қызметтің 3-санатындағы субъектілер (объектілер);

Төмен тәуекел дәрежесіне:

3) қоршаған ортаға ең аз теріс әсер ететін әсер ету сипаты мен дәрежесі бойынша Кодекстің 12-бабына сәйкес белгіленген шаруашылық қызметтің 4-санатындағы субъектілер (объектілер) жатады.

## 2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

6. Субъективті өлшемшарттарды айқындау келесі кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

7. Бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;
- 2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

Талаптарға сәйкестігін тексерудің тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;
- 2) алдыңғы тексерулердің нәтижелері.

8. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректер қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

9. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі осы Өлшемшарттарға 2 қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады.

### **3-параграф. Тәуекелдерді басқару**

10. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді (деректерді онлайн-режимде бере отырып, аудио және (немесе) бейне тіркеудің болуы және деректерді мемлекеттік органдардың жүйелеріне (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) беру жөніндегі датчиктер мен тіркеуші құрылғылардың болуы міндетті талаптар болып табылатын субъектілерді (объектілерді) қоспағанда).

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) болуы жатады.

### **4-параграф. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері**



12. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежелері осы өлшемшарттарға 1 - қосымшада келтірілген.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі**

13. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша Қағидалардың (SC) 15-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$ , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – Қағидалардың 15-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

14. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-

ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда}$$

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H, \text{ мұнда}$$

$SP$  – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

15. Қағидалардың 15-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ где}$$

$x_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$  - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы  $x_i$

$n$  – көрсеткіштер саны.

Қағидалардың 15-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

16. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

$R_{\text{max}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

$R_{\text{min}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Қоршаған ортаны қорғау,  
табиғи ресурстарды молайту  
және пайдалану саласындағы  
бақылау субъектілерін  
(объектілерін)  
іріктеу үшін тәуекел дәрежесін  
бағалау және тәуекелдерді  
басқару өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі**

№	Өлшемшарттар	Тәуекел дәрежесі
1.	Қоршаған ортаға теріс әсер ететін автомобильдер мен өзге де көлік құралдары үшін белгіленген жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтау	Елеулі
2.	Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесіне енгізілген объектілерді пайдалану кезінде оператор жасасқан міндетті экологиялық сақтандыру шартының болуы	Өрескел
3.	Анықталған сәттен бастап екі сағат ішінде зиян келтірген адамның экологиялық залал келтірудің ықтимал фактісі, оның сипаты мен ауқымын алдын ала бағалауы туралы хабарлау	Болмашы
4.	Нәтижесінде белгіленген экологиялық нормативтер және/ немесе су сапасының экологиялық нормативтері бұзылады немесе бұзылуы мүмкін I және II санаттағы объектілерде авариялық жағдай туындаған сәттен бастап екі сағаттан аспайтын мерзімде хабарлау	Болмашы
5.	Су объектілерінің, су объектілерінің су жинау алаңдарында, су объектілерінің мұзды және қар жамылғысының, мұздықтардың қоқыстануына жол бермеу	Өрескел
6.	Жерасты су объектілерінен, жер қойнауынан, сарқынды су жинақтағыштарынан, жергілікті жердің рельефінен және сарқынды суларды алуды және (немесе) ағызуды жүзеге асыратын немесе тұйық циклі бар су бұруда, табиғат пайдаланушылар су тұтыну мен су бұруда су көлемін есепке алу аспаптарын пайдалану және есепке алу журналын жүргізу	Елеулі
7.	Тазартылу дәрежесіне қарамастан, сарқынды суларды орталықтандырылған ауызсумен жабдықтау көздерін, курорттарды санитариялық қорғау аймақтарында, шомылуға	Өрескел

	бөлінген жерлерде жер үсті су объектілеріне төгуге жол берілмейді	
8.	Тау-кен металлургия кәсіпорындарының шахта және карьер суларының жинақтағыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, сондай-ақ сумен салқындату үшін пайдаланылатын сулардың тұйықталған (айналмалы) сумен жабдықтау жүйесінде орналасқан жинақтағыштарға төгілуін қоспағанда, алдын ала тазартпай сарқынды суларды төгуге тыйым салынады	Өрескел
9.	I және (немесе) II санаттағы объектілердің операторлары су ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында суды қайтадан пайдалану, айналмалы сумен жабдықтау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру	Елеулі
10.	Табиғи биологиялық тазартуға арналған сарқынды суларды және (немесе) жасанды су объектілерінің жинақтауыштарын пайдалану тоқтатылғаннан кейін қоршаған ортаға әсерді болғызбауды және жерді рекультивациялауды жүзеге асыру	Елеулі
11.	Топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының нашарлауына және оны сату немесе басқа тұлғаларға беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алып тастауға жол бермеу, сондай-ақ құнарлы қабаттың қайтымсыз жоғалуын болдырмау үшін мұндай алып тастау қажет болған жағдайларды қоспағанда	Елеулі
12.	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ жерді бүлдіруге байланысты құрылыс және басқа да жұмыстарды орындау кезінде өзге де тұлғалар бүлінген жерлерді рекультивациялауды жүргізу	Өрескел

13.	Теңізде, ішкі су айдындарында және Қазақстан Республикасының сақтандыру аймағында мұнайдың авариялық төгілуі туындаған кезде жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде жоюды жүргізу	Өрескел
14.	Қоршаған ортаға түсуін болдырмайтын сусымалы материалдарды, химиялық реагенттерді және қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған жабық контейнерлер мен арнайы ыдыстардың болуы және қолданылуы	Болмашы
15.	Теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағармай материалдарының төгілуін және ағып кетуін болғызбайтын жүйелердің көмегімен жүргізілуге тиіс	Елеулі
16.	Кемелер кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, ластанған сарқынды сулардың су айдындарына төгілуіне жол бермейтін жабдықпен жарақтандыру	Елеулі
17.	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушының бүкіл келісімшарттық аумақ бойынша қоршаған ортаның (Климаттық маусымдар бойынша) жыл сайынғы өндірістік мониторингін жүргізуі	Елеулі
18.	Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қоршаған ортаның авариялық ластануының салдарына мониторинг жүргізу	Өрескел
19.	Жер қойнауын пайдаланушы сынау аяқталғаннан кейін ұңғымаларды консервациялау жағдайында ұңғыманы консервациялау бойынша жұмыстарды жүргізу, Бұрғылау негізінің сақталуын және ұңғыманы сенімді герметизациялауды жұмыстар қайта басталған сәтке дейін қамтамасыз ету	Елеулі

20.	Авариялық жағдайдың туындау қаупін қоспағанда, ұңғымаларды пайдалану кезінде алауларда флюидтерді жағуға жол бермеу	Өрескел
21.	Кемелерден мұнайды, ластаушы заттарды және олардың құрамындағы сарқынды суларды, тазартылмаған балласты суларды, тамақ қалдықтарын, тұрмыстық қоқыстарды және пластмассалардың барлық түрлерін су объектілеріне тастауға жол бермеу	Елеулі
22.	Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган технологиялық жабдықтың технологиялық істен шығуы, істен шығуы немесе жұмысынан ауытқуы кезінде технологиялық еріксіз жағу ретінде мойындамаған алауда шикі газды жағу	Өрескел
23.	Жер қойнауын пайдаланушылар келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымаларды анықтаған кезде олардың балансқа қабылдануын қамтамасыз ету және олар бойынша мониторинг жүргізу	Елеулі
24.	Қалдықтарды жинақтауға және (немесе) көмуге арналған арнайы белгіленген орындардан тыс жинауға жол бермеу	Өрескел
25.	Қалдықтарды жинау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын адамдардың қалдықтарын бөлек жинауды қамтамасыз ету	Елеулі
26.	Қалдықтарды басқарудың барлық одан әрі кезеңдерінде бөлек жинауға ұшыраған қалдықтарды араластыруға жол бермеу	Өрескел
27.	Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің қызметі атмосфералық ауаны ластау көздері болып табылатын мамандандырылған сақтау, залалсыздандыру, қайта өңдеу, кәдеге жарату немесе жою орындарына қалдықтарды уақтылы әкетуді қамтамасыз ету	Елеулі
28.	Қауіпті қалдықтар паспортының болуы	Елеулі

29.	Егер техникалық, экономикалық және экологиялық тұрғыдан негізделген болса, пайда болған қалдықтарды олардың пайда болу көзіне мүмкіндігінше жақын қалпына келтіруді немесе жоюды қамтамасыз ету	Елеулі
30.	Қауіпті қалдықтарды жинау, тасымалдау, қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісінің қауіпті қалдықтарды басқару кезінде туындауы мүмкін төтенше және авариялық жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуі	Елеулі
31.	Қауіпті қалдықтарды көму орнында қалдықтың түрін, оның қауіптілік дәрежесін және көму күнін көрсете отырып, айқын көрінетін тану белгілерінің болуы	Болмашы
32.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды алдын ала сұрыптамай көмуге жол бермеу	Өрескел
33.	I санаттағы объектілер операторында объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі, оның ішінде болашақта туындайтын талаптарға қатысты өз міндеттемелерінің орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің болуы	Өрескел
34.	Полигон иесінің учаскеде қабылданған қалдықтардың әрбір партиясын алғаны туралы жазбаша растамасының болуы және осы құжаттаманы бес жыл бойы сақтауы	Елеулі
35.	Әрбір полигонда атмосфералық шығарындыларды (қоқыс газын), депозитке салынған қалдықтарда пайда болатын фильтрат пен сарқынды суларды олардың қоршаған ортаға теріс әсерін болдырмау үшін мониторингтеудің жабдықталған жүйесінің болуы	Елеулі
36.	Полигон жабылғаннан кейін жерді рекультивациялау, қоршаған	Өрескел



	ортаға әсер ету мониторингін жүргізу және ластануды бақылау үшін тарату қорын құру	
37.	Полигон операторының 1-сыныпты полигондар үшін отыз жыл, 2-сыныпты полигондар үшін жиырма жыл, полигон (полигон бөлігі)жабылғаннан кейін 3-сыныпты полигондар үшін бес жыл ішінде қоқыс газы мен фильтрат шығарындыларына мониторинг жүргізуі	Елеулі
38.	Полигон операторының биологиялық ыдырайтын қалдықтарды көму көлемін қысқарту және Полигон операторының қоқыс газын жинау және кәдеге жарату жүйелерін орнату арқылы полигондағы метан шығарындыларын азайту	Елеулі
39.	Қауіпті қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын адамдардың, қауіпті қалдықтарды түзушілердің, қауіпті қалдықтарды жинау, тасымалдау және (немесе) залалсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінің қалдықтардың санын, түрін, шығу тегін, межелі пункттерін, жинау жиілігін, тасымалдау әдісін және айналым әдісін хронологиялық есепке алуды жүзеге асыру	Елеулі
40.	Қауіпті емес қалдықтар полигондарында қауіпті қалдықтарды көмуге жол бермеу	Өрескел
41.	Экологиялық залал келтіру фактісі анықталғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей экологиялық залал келтірген адамның экологиялық залалды немесе халықтың өміріне және (немесе) денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерді болдырмау мақсатында факторларды жою (жолын кесу), сондай-ақ экологиялық залалды бақылау, оқшаулау және қысқарту	Елеулі
	Тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын	

42.	қалдықтарды өндірушілердің ( импорттаушылардың), жинаудың, тасымалдаудың, қайта өңдеудің, залалсыздандырудың, пайдаланудың және (немесе) кәдеге жаратудың кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдерді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қамтамасыз етуі өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) және олардың (олардың) қаптамаларының	Елеулі
43.	Өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өндірушілердің ( импорттаушылардың) төлемақысын мақсатты пайдаланғаны, өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру жөніндегі мүмкіндіктерді пайдаланбағаны және (немесе) тиісінше пайдаланбағаны үшін талаптарды сақтауы	Өрескел
44.	Бағдарламаны әзірлеу және табиғи орта компоненттерін ремедиациялауды жүргізу	Өрескел
45.	Құрылыс қалдықтарын қалпына келтіру жағдайларын қоспағанда, құрылыс қалдықтарын қалдықтардың басқа түрлерімен араластыруға жол бермеу	Өрескел
46.	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтарын арнайы белгіленген орындардан тыс қоймалауға жол бермеу	Өрескел
47.	Құрылыс қалдықтарының арнайы белгіленген орындардан тыс жиналуына жол бермеу	Өрескел
	Құрамында тұрақты органикалық ластағыштар бар қалдықтарды	

48.	сақтау пункттерінде тұрақты органикалық ластағыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін болдырмауды қамтамасыз ететін қорғау құралдарының болуы	Елеулі
49.	Құрамында тұрақты органикалық ластағыштар бар пестицидтерді өндіруге және пайдалануға жол бермеу	Өрескел
50.	Квоталау субъектісі квоталайтын қондырғыны көміртегі квоталарын алмай пайдалануға жол бермеу	Өрескел
51.	Квоталанатын қондырғы операторының көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміндегі тиісті шотындағы көміртегі бірліктерінің санынан асатын көлемде квоталанатын қондырғының парниктік газдар шығарындыларын жүзеге асыруына жол бермеу	Өрескел
52.	Квоталау субъектісінің парниктік газдар шығарындыларының мониторингі жоспарын ұлттық көміртегі квоталары жоспарының қолданылу кезеңіне квоталанатын қондырғыны әзірлеуі және орындауы	Елеулі
53.	Тәуелсіз аккредиттелген ұйымдардың, валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органдардың валидация және верификация туралы дәйекті деректерді ұсынуы	Елеулі
